

"Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 18 сәуірдегі N 111/4 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 18 сәуірде N 3762 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 7 сәуірдегі N 109/3 (алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 07.04.2016 N 109/3 (алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Атауында және бүкіл мәтін бойынша "мұрағаттар", "мұрағат", "мұрағаттарына", "мұрағаттық", "мұрағаттарында", "мұрағаты" сөздері "архивтер", "архив", "архивтеріне", "архивтік", "архивтерінде", "архиві" сөздерімен ауыстырылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 29.12.2015 N 367/13 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" N 410 Жарлығына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. Павлодар облысы әкімдігінің 2014 жылғы 10 ақпандағы "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы" N 25/2 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3703 болып тіркелді, 2014 жылғы 25 ақпанда "Сарыарқа самалы" газетінде, 2014 жылғы 25 ақпанда "Звезда Прииртышья" газетінде жарияланды) күші жойылды деп танылсын.

3. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулының заңнамамен белгіленген тәртіpte ресми

жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.А. Әрсариевке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің

міндеттін атқарушы

Д. Тұрганов

Павлодар облысы әкімдігінің

2014 жылғы 18 сәуірдегі

№ 111/4 қаулысымен

бекітілді

"Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі Павлодар облысының аумағында мәдениет және өнер, архив ісі мен құжат жасау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген

тәртіппен "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140000, Павлодар қаласы, Академик Марғұлан көшесі, 115-үй.

10. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмыс режимі: дүйсенбі – жұма күндері сағат 9⁰⁰-ден 18³⁰-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13⁰⁰-ден 14³⁰-ға дейін, демалыс күндері: сенбі – жексенбі.

11. Мемлекеттік мекеменің мемлекеттік тілдегі толық атауы: "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі, орыс тілінде: государственное учреждение "Управление культуры, архивов и документации Павлодарской области".

12. Мемлекет Павлодар облысының әкімдігі тұлғасында "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы болып табылады.

"Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Павлодар облысының мәдениет басқармасы" мемлекеттік мекемесі мен "Павлодар облысының архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесін біріктіру және функцияларын беру жолымен қайта ұйымдастыру нәтижесінде құрылды, тапсыру актісіне сәйкес құқықтары мен міндеттеріне қатысты, тараптар дауласатын міндеттерді қоса алғанда, олардың құқық иеленушісі болып табылады.

13. Осы Ереже "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

14. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру облыс бюджетінен жүзеге асырылады.

15. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға тұсуге тыйым салынады.

Егер "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, мақсаты, мәні, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

16. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: мәдениет пен өнерді қалыптастыру, жаңғырту, сақтау, дамыту және танымал ету, жаңа сапалы мәдени өнім жасауды одан әрі ынталандыру бойынша шаралар енгізу, Павлодар облысының аумағында Ұлттық архив қорының құжаттарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану.

17. Мәдениет, архив ісі және құжат жасау саласындағы сапалы және қолжетімді қызметтерді ұсыну "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мақсаты болып табылады.

18. Қазақ ұлттық мәдениетін, басқа да ұлттық мәдениеттерді жаңғырту, сақтау, дамыту және тарату мәселелері, басқа өнірлермен ынтымақтастықты кеңейту және тереңдету бойынша мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты облыстық деңгейде жүзеге асыру, сондай-ақ құжаттарды сақтау, Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттарын жинақтау және пайдалану "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мәні болып табылады.

19. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы халқының мәдениетін жаңғыртуға, сақтауға, дамытуға және таратуға бағытталған шараларды қабылдау;

2) облыстың мемлекеттік архивтеріне сақтауға қабылданған Ұлттық архив қорының құжаттарын сақтауды ұйымдастыру, мемлекеттік есебін жүргізу және сақталуын қамтамасыз ету, жинақтау және пайдалану;

3) ұлттық және әлемдік мәдениет құндылықтарына тарту жолымен азаматтарды патриоттық және эстетикалық тәрбиелеу үшін жағдай жасау;

4) мәдени құндылықтарға еркін қолжетімдікті, сондай-ақ архив құжаттамасының қолжетімділігін қамтамасыз ету және оларды отандық ақпараттық кеңістікті дамытуда пайдалану;

5) мемлекеттік мәдениет және архив ұйымдарының инфрақұрылымын дамытуды және материалдық-техникалық базасын нығайтуды қамтамасыз ету;

6) талантты тұлғаларды қолдауды қамтамасыз ету;

7) мәдени құндылықтарды заңсыз беруге және әкелуге, мәдени құндылыққа меншік құқығын заңсыз беруге қарсы тұру, оларды кез-келген заңсыз иеліктен қайтару үшін шаралар қабылдау;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың ұлттық-мәдени бірлестіктерге қатысу еркіндігін қоса алғанда, ұлттық және мәдени өзіндік ерекшелігін қорғау мен дамыту құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз ету, мәдениет ұйымдарын құру, шетелдегі отандастармен мәдени байланыстарды кеңейтүге қатысу;

9) мәдениет саласының қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін дамытуға жәрдемдесу.

20. Функциялары:

1) мәдениет, архив ісі мен құжат жасау саласында мемлекеттік саясатты іске асырады және Павлодар облысының аумағын дамыту бағдарламасына мәдениет, архив ісі және құжат жасау мәселелері бойынша ұсыныстарын енгізеді және оның орындалуын қамтамасыз етеді;

2) театр, музика, кино өнері, мәдени-сауық қызметі, кітапхана, мұражай және архив ісі саласындағы облыстың мемлекеттік мәдениет және архив ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныстарды енгізеді, сондай-ақ олардың қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

3) театр, цирк, музика және кино өнерін, мәдени-демалыс қызметі мен халық шығармашылығын, кітапхана, музей, архив ісін және құжаттаманы дамыту бойынша облыстың мемлекеттік мәдениет және архив ұйымдарының қызметін қолдайды және үйлестіреді, олардың қызметін қамтамасыз етеді;

4) шығармашылық қызметтің әртүрлі салаларындағы облыстық (өнірлік) байқаулар, фестивальдер және конкурстар өткізууді ұйымдастырады;

5) уәкілетті органның келісімімен шығармашылық қызметтің әртүрлі саласындағы республикалық конкурстар мен фестивальдер өткізууді ұйымдастыруға құқылы;

6) облыс деңгейінде мәдени-бұқаралық ойын-сауық іс-шараларын өткізууді жүзеге асырады;

7) облыстың мемлекеттік кітапханаларының біріне "Орталық" мәртебесін береді;

8) тиісті аумакта орналасқан мәдениет ұйымдарының қызметіне мониторингті жүзеге асырады және уәкілетті органға ақпарат, сондай-ақ белгіленген нысандағы статистикалық есептер береді;

9) облыстың мемлекеттік мәдениет ұйымдарын аттестаттаудан өткізеді;

10) құзыретінің шегінде мәдениет және архив саласындағы коммуналдық меншікке басқаруды жүзеге асырады;

11) мәдени және архивтік маңызы бар объектілерді салу, қайта жаңарту және

жөндеу бойынша тапсырыс беруші болады;

12) тарихи-мәдени мұраны сақтау жөніндегі жұмыстарды үйымдастырады, тарихи, ұлттық және мәдени салт-дәстүрлерді дамытуға жәрдемдеседі;

13) мәдени құндылықтарды уақытша шығару құқығына қуәлік береді;

14) талантты жастар мен болашағы зор шығармашылық ұжымдарды іздестіруге және қолдау көрсетуге бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асырады;

15) мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды өткізуға жүзеге асырады;

16) облыстың мәдени құндылықтарын есепке алу, қорғау, консервациялау және реставрациялау, сондай-ақ пайдалану, елдің көрнекті мәдениет қайраткерлерін мәнгі есте қалдыру жөніндегі жұмысты үйымдастырады;

17) мұдделі мемлекеттік органдардың келісімі бойынша тарих пен мәдениет ескерткіштерін, тарих пен мәдениет ескерткіштерімен байланысты қоршаган орта объектілерін сақтауды және пайдалануды жүзеге асырады;

18) облыстың экономикалық және әлеуметтік дамуы жоспарында жергілікті маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерін ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын үйымдастыру жөніндегі іс-шараларды қарастырады, тарих пен мәдениет ескерткіштеріне ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарының жүргізілуін келісімдеуді қамтамасыз етеді және бақылауды жүзеге асырады;

19) мемлекет меншігі болып табылатын жергілікті маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерін пайдалануға беру туралы мәселені шешеді;

20) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтауды, есепке алуды, қорғауды, пайдалануды және тарих пен мәдениет ескерткіштеріне ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуі қамтамасыз етеді;

21) уәкілетті органның келісімі бойынша қалалар мен басқа да елді мекендерді жоспарлау, салу және қайта жаңарту жобаларын әзірлеу мен бекіту кезінде барлық санаттағы тарих пен мәдениет ескерткіштерін анықтау, зерделеу, сақтау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын, тарихи-сәулет тірек жоспарларын және карта-сызбаларды жасауды қамтамасыз етеді;

22) тарих пен мәдениет ескерткіштеріне қорғау міндеттемелерін ресімдейді және оларды меншік иелері мен пайдаланушылардың орындауын бақылайды;

23) Қазақстан Республикасының тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және пайдалану туралы заңнамасын бұзатын жеке және занды тұлғаларды жауапкершілікке тарту туралы өтініш жасайды;

24) облыстың жергілікті өкілдік органына тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау жөнінде комиссия құру туралы ұсыныс енгізеді;

25) мәдени құндылықтарды уақытша әкету жөніндегі сараптау комиссиясын құрады және оның ережесін бекітеді;

26) тарих пен мәдениет ескерткіштері және олардың қорғау аймақтары бойынша жұмыстардың барлық түріне ғылыми-жобалық құжаттаманы, жоспарлау, салу және қайта жаңарту жобаларын қарастырады және келісімдейді;

27) тиісті аумақтарда жергілікті маңызы бар тарих пен мәдениет ескерткіштерінің пайдаланылуына және күтіп-ұстау тәртібіне, сондай-ақ оларда археологиялық және ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарының орындалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

28) тарих пен мәдениет ескерткіштеріне ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге лицензия алу туралы уәкілетті органға өтініш жасайды;

29) тарих пен мәдениет ескерткіштерінің меншік иелері және пайдалушыларына Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі заңнамасын бұзғаны туралы ұйғарымдар береді;

30) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасымен көзделген негізде және тәртіpte әкімшілік ықпал етудің өзге де шараларын қолданады;

31) облыстың мемлекеттік архивтерінде сақталатын Ұлттық архив қорының құжаттарын сақтауды, жинақтауды және пайдалануды ұйымдастырады;

32) облыстың мемлекеттік архивтерінде сақталатын Ұлттық архив қоры құжаттарының сақталуын қамтамасыз етеді және мемлекеттік бақылауды іске асырады;

33) коммуналдық меншіктегі тарихи пен мәдениет құжаттық ескерткіштерді қорғау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады, оларды сақтайды және пайдаланады;

34) құжаттардың ғылыми және практикалық құндылығына сараптаманы ұйымдастырады;

35) облыстың мемлекеттік архивтерінде сақталатын Ұлттық архив қорының құжаттары бойынша деректер қорын қалыптастыруды ұйымдастырады;

36) облыс аумағында орналасқан Ұлттық архив қорын толықтыру көздері болып табылатын мекемелерде іс жүргізу жағдайына, құжаттардың сақталуына бақылауды және ұйымдық-әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

37) жеке және занды тұлғалардың сұрауларын орындауды ұйымдастырады;

38) сараптау-тексеру комиссиясы туралы ережені бекітеді;

39) мемлекеттің, жеке және занды тұлғалардың сұрауларын қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық архив қорының құжаттарын пайдаланады;

40) облыстың тарихы жөніндегі архивтік құжаттарды жинауды және қайтаруды жүзеге асырады;

41) жергілікті мемлекеттік басқарудың мүддесі үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелген өзге

де өкілеттікті атқарады;

42) облыстық бюджеттен қаржыландырылатын ведомстволық бағыныстағы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар қызметінің мөнін, мақсаты мен басым бағыттарын және жұмыстардың (қызметтердің) міндетті көлемін анықтайды;

43) ведомстволық бағыныстағы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағаларын белгілейді;

44) ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік ұйымдардың даму және қаржыландыру жоспарларын қарастырады, келіседі, бекітеді, олардың орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады, олардың орындалуы бойынша есептерді қабылдайды;

45) коммуналдық меншікті басқару жөніндегі уәкілетті органға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік ұйымдардың мүлкін алып қоюға немесе оны қайта бөлуге келісім береді;

46) ведомстволық бағыныстағы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың енбекақы төлеу қорының мөлшерін, коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтердің лауазымдық айлық ақыларының мөлшерін, оларға сыйақы беру және өзге де марапаттау жүйесін белгілейді;

47) мемлекеттік мүлік тізілімінде осы мәліметтерді көрсету үшін өзінің басқаруындағы және ведомстволық бағыныстағы ұйымдардағы жылжымайтын мүлік пен мүлік объектілері туралы мәліметтерді дайындайды;

48) мәдениет, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, архив ісі және құжат жасау саласындағы мемлекеттік саясаттың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілері мен тапсырмаларын, Павлодар облысы әкімдігі мен әкімінің "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне қатысты мәселелер бойынша актілерін іске асыру барысына мониторинг жүргізуі жүзеге асырады;

49) персоналды басқарудың біртұтас жүйесін құру мақсатында өзінің құзыреті шегінде "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасының орындалуын іске асырады;

50) кадрмен қамтамасыз етудің жай-күйін талдайды, облыс мемлекеттік мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға жәрдемдеседі және азаматтық қызметшілердің атtestациясын өткізуге қатысады;

51) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүртшылықпен байланыс орнатады және дамытады;

52) "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің құқықтық тұрғысынан қамтамасыз етілуін жүзеге асырады;

53) мәдениет саласының қызметкерлері арасында құқықтық түсіндіру жұмысы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы құрес, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін қолдану мен насихаттау жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

54) ақпараттық технологияларды қолдана отырып, іс номенклатурасына сәйкес құжат айналымы жүйесін ұйымдастырады;

55) мыналарға:

жұмыстың сапасы мен тиімділігін арттыру мақсатында "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметіне;

ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік ұйымдардың қаржылық-шаруашылық қызметіне;

мемлекеттік қызмет көрсету кезінде сапаның, сондай-ақ стандарттар мен регламенттердің сақталуына ішкі бақылауды жүзеге асырады;

56) Қазақстан Республикасының зандарымен, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерімен көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

57) ұлттық мәдени игілік объектілерінің айрықша режимінің сақталуын қамтамасыз етеді;

58) тарихи-мәдени мұра объектілерін жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері деп таниды және тарихи-мәдени сараптама қорытындысының негізінде жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізіміне қосады;

59) жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткішін мәртебесінен айырады және тарихи-мәдени сараптама қорытындысының негізінде, объект толық түгел жойылған және (немесе) тарихи-мәдени мәнін жоғалтқан жағдайда жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінен шығарып тастайды;

60) мемлекеттік занды тұлғалардың құқық субъектілерін, оның ішінде тиісті саладағы уәкілетті органдардың құзыреттеріне ұқсас шешімдерді қабылдауға, акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін және жауапкершілігі шектеулі серік тестіктердегі қатысу үлестерін иелену мен пайдалану құқықтарын жүзеге асыруға өкілеттіктер беріледі;

61) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау, есепке алу, қорғау жөнінде жұмыс жүргізеді;

62) монументті өнердің жаңа құрылыштарын орнату жөніндегі жұмысты жүргізеді;

63) мемориалдық тақта орнату жөніндегі жұмысты жүргізеді.

Ескерту 20-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 13.01.2015 N 5/1 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) ; 11.11.2015 N 314/11 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

21. Құқықтары мен міндеттері:

"Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру және өзінің функцияларын жүзеге асыру кезінде заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) облыс әкімдігі мен әкімінің қарауына негізгі даму бағыттары, облыстың әлеуметтік-мәдени дамуының мақсаттары, басымдықтары және стратегиялары бойынша мәселелерді жедел шешу бойынша ұсыныстар енгізуге;

2) мемлекеттік органдардан және өзге де ұйымдардан, лауазымды тұлғалардан "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің алдына қойылған міндеттерді орындауға байланысты мәселелер бойынша қажетті ақпаратты, құжаттарды және өзге де материалдарды ақысыз негізде сұратуға және алуға;

3) жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын өзге де аткаруышы органдардың мамандарын олардың басшыларының келісімімен жұмысқа тартуға;

4) барлық мәдениет мекемелерімен, ұйымдарымен және кәсіпорындарымен мәдени құндылықтарды, өнегелі және эстетикалық идеалдарды, мінез-құлық нормалары мен үлгілерін, ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерді, фольклорды, колөнер мен көркемөнер кәсібін, мәдениет пен өнер туындыларын, бірегей имараттарды, заттар мен технологияларды, шығармашылық қызметті сақтау және дамыту мәселелері бойынша өзара әрекет етуге;

5) "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мұддесін барлық құзыретті мемлекеттік, әкімшілік органдарда, мекемелерде, ұйымдарда, сондай-ақ сот және құқық қорғау органдарында білдіруге;

6) өзінің құзыреті шегінде шарттар, келісімдер жасауға;

7) "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің және мәдениет саласындағы ведомствоның бағыныстағы ұйымдардың құрылымы бойынша ұсынымдар әзірлеуғе;

8) қолданыстағы заңнамалық актілермен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

3. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін үйымдастыру

22. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

23. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Павлодар облысының әкімі қызметке тағайындалды және қызметтен босатады.

24. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

25. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жұмысын үйымдастырады, оның қызметін басқаруды жүзеге асырады;

2) облыс әкімдігіне "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы жобаларды бекіту үшін ұсынады, оның құрылымы мен штаттары бойынша ұсыныстар енгізеді;

3) өз орынбасаларының міндеттерін, өкілеттіктерін, сондай-ақ "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің функциялары мен өкілеттіктерін анықтайды;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындалды және қызметтен босатады;

5) өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес құрылым

шегінде кадрлық өзгерістер жүргізеді;

7) "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінде Қазақстан Республикасы заңнамасының орындалуын бақылайды;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін ынталандыруды, оларға материалдық көмек көрсетуді, тәртіптік жаза қолдануды немесе оны алып тастауды жүзеге асырады;

9) "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді, қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

10) облыс әкімдігі мен әкімінің актілерін, оның тапсырмаларын орындауды және құжаттардың "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінде өтуін бақылау бойынша жұмысты үйлестіреді;

11) облыс әкімінің қол қоюына және қарастыруына облыс әкімдігі мен әкімі актілерінің жобасын, сондай-ақ облыс әкімінің атына жолданатын өзге де құжаттар мен материалдарды ұсынады;

12) "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінде ішкі еңбек тәртібін белгілейді;

13) "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің шығыстар сметасын бекітеді және оның шегінде қаржы қаражаттарын басқарады;

14) қызметтік құжаттамаларға қол қояды;

15) "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметшілерін іссапарға жібереді;

16) азаматтарды жеке қабылдауды жүзеге асырады;

17) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдарда "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді;

18) облыстың ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мәдениет және архив ұйымдарының басшыларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатады, Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленетін тәртіпте оларды аттестаттаудан өткізеді;

19) ведомстволық бағыныстағы кәсіпорындардың басшыларымен еңбек шарттарын жасайды; мемлекеттік кәсіпорын басшысының ұсынысы бойынша мемлекеттік кәсіпорын басшысының орынбасарларын қызметке тағайындауды;

20) "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін және Павлодар облысының ведомстволық бағыныстағы үйымдарының басшыларын тәртіптік жауапкершілікке тарту жөніндегі мәселені қарастырады және тәртіптік жауапкершілікке тартады;

21) ведомстволық бағыныстағы үйымдар мен шығармашылық үжымдар басшыларының қатысусымен кеңестер өткізеді;

22) "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің перспективті және ағымдағы жұмыс жоспарларын бекітеді;

23) "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының бүйрығымен мәдениет, архив ісі және құжат жасау саласындағы үйымдар қызметінің негізгі мәселелерін қарастыруға арналған алқа құрылады. Алқаның сандық және дербес құрамын "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы бекітеді;

24) "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінде сыйайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге бағытталған шараларды қабылдайды және сыйайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың қабылдануы үшін дербес жауап береді;

26. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды;

27. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы колданыстағы заңнамаға сәйкес өз орынбасарларының өкілеттіктерін белгілейді;

28. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі мен коммуналдық меншікті басқару жөніндегі уәкілетті органы (облыстың жергілікті атқарушы органы) арасындағы өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

29. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі мен тиісті саланың уәкілетті органы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

30. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің әкімшілігі мен еңбек үжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және үжымдық шартқа сәйкес белгіленеді.

4. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

31. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінде заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

32. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

33. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және қысқарту (тарату)

34. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

35. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесі қысқартылған (таратылған) кезде кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік облыстың коммуналдық меншігінде қалады.

"Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

36. "Павлодар облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарамағында мынадай ұйымдар бар:

1) Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының "С. Торайғыров атындағы облыстық біріктірілген

әмбебап ғылыми кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының "Көзі көрмейтін және нашар қөретін азаматтарға арналған облыстық арнайы кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының "Павлодар облысының мемлекеттік архиві" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының "Жеке құрам жөніндегі Павлодар қалалық архиві" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының "Ақсу қаласының мемлекеттік архиві" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6) Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының "Екібастұз қаласының мемлекеттік архиві" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7) Алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 17.07.2015 N 205/7 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8) Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының "Шаңырақ" облыстық халық шығармашылығы және мәдени-сауық қызметі орталығы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

9) Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының "Жұсіпбек Аймауытов атындағы Павлодар облыстық қазақ музыка-драма театры" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

10) Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының "А.П. Чехов атындағы Павлодар облыстық драма театры" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

11) Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының "Бұхар жырау атындағы әдебиет және өнер музейі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

12) Алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 29.12.2015 N 367/13 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13) Алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 29.12.2015 N 367/13 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14) Алынып тасталды - Павлодар облыстық әкімдігінің 29.12.2015 N 367/13 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15) Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының "Павел Васильевтің музей-үйі" коммуналдық

мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

16) Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының "Шафердің музей-үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

17) Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының "Г.Н. Потанин атындағы Павлодар облыстық тарихи-өлкетану музейі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

18) Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының "Академик Қ.И. Сәтбаевтың Баянауыл мемориалдық мұражайы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

19) Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының "Павлодар облыстық көркемсурет музейі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;

20) Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының "Иса Байзақов атындағы Павлодар облыстық филармониясы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Ескерту. 36-тармаққа өзгерістер енгізілді - Павлодар облыстық әкімдігінің 17.07.2015 N 205/7 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; 29.12.2015 N 367/13 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.